

Көкшетау қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында қайта жоспарлы мониторинг жүргізу актісі

Күні:

31.05.2023ж.

Ұйымның атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ

Жоспарлы мониторинг жүргізу үшін негіздеме: «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» 24-тармағы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 485 бұйрығымен өзгерістер енгізілуімен, бұдан әрі-Қағидалар), Көкшетау қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында 2023 жылғы 28 наурыздағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссияның төрағасы бекіткен жоспарлы мониторинг жүргізу кестесі, 2023 жылғы 22 мамырдағы мектепке дейінгі ұйымдарда жоспарлы мониторинг жүргізу актісі

Жоспарлы мониторингтің мақсаты: осы Қағидалардың 19 - тармағының шарттарын сақтау және қамтамасыз ету, 2023 жылғы 22 мамырдағы жоспарлы мониторинг жүргізу комиссиясының актісінде көрсетілген осы Қағидалардың нормаларын бұзудың анықталған фактілерін жою келесі мектепке дейінгі ұйымдарда: Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы «Өркен» бөбекжайы» МКҚК, Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы Көкшетау қаласының «Болашақ» бөбекжайы» МКҚК, «Балапан» Білім беру ұйымы жекеменшік мекемесі, «Тенгри» бөбекжайы» жекеменшік мекемесі, «Тамерлан» балабақшасы» жекеменшік мекемесі, «Ясмин» балабақшасы» жекеменшік мекемесі, «Айару» балабақшасы» жекеменшік мекемесі.

Қайта жоспарлы мониторингті жүзеге асыру мерзімдері: 31.05.2023 ж.

Жоспарлы мониторинг жүргізу кезеңі: 01.01. – 30.05.2023 ж.

Жоспарлы мониторингті келесі құрамда комиссия жүргізді:

Нугертаева «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау
Айгуль Бексултановна қаласы бойынша білім бөлімі» ММ басшысы,
комиссия төрайымы;

Акаева Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау
Рауза Кельмановна қаласы бойынша білім бөлімінің әдіскері, комиссия
хатшысы.

Комиссия мүшелері:

Кожаметов

Болат Ризаханович

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» ҚБ Көкшетау қ. филиалының төрағасы (келісім бойынша);

Омирзакова

Алия Жанакановна

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің әдіскері;

Куркин

Юрий Борисович

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің құқық сұрақтары жөніндегі кеңесшісі;

Рыбинцева

Светлана Петровна

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің техникалық қадағалау жөніндегі кеңесшісі.

Жоспарлы мониторинг «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларының» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 485 бұйрығымен өзгерістер енгізілуімен) талаптарына сәйкес жүргізілді.

2023 жылғы 22 мамырдағы жоспарлы өткізу актісінің негізінде, 2023 жылғы 31 мамырда қайта жоспарлы мониторинг жүргізілді, комиссия мектепке дейінгі ұйымдарға баруды жүзеге асырды:

1. «Балапан» Білім беру ұйымы жекеменшік мекемесі»
2. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы «Өркен» бөбекжайы» МКҚК
3. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы Көкшетау қаласының «Болашақ» бөбекжайы» МКҚК;
4. «Айару А» ЖШС
5. «Ясмин» балабақшасы» жекеменшік мекемесі
6. «Тенгри» бөбекжайы» ЖМ;
7. «Тамерлан» балабақшасы жекеменшік мекемесі.

I. Жоспарлы мониторинг жүргізу барысында Комиссия мыналарды анықтады:

Қарап - тексеру барысында комиссия ұсынылған өзектендірілген құжаттардың келесі мектепке дейінгі ұйымдарда осы **Қағидалардың 13-тармағында** көрсетілген талаптарға сәйкестігін анықтады:

1. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы «Өркен» бөбекжайы» МКҚК;
2. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы Көкшетау қаласының «Болашақ» бөбекжайы» МКҚК;
3. «Балапан» Білім беру ұйымы жекеменшік мекемесі»;
4. «Айару А» ЖШС;
5. «Тенгри» бөбекжайы» ЖМ.

II. Ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі мынадай мектепке дейінгі ұйымдарда:

1. Тамерлан» балабақшасы жекеменшік мекемесі

Қайта мониторинг жүргізу кезінде мектепке дейінгі ұйымның санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды ұсынылмады.

Ұсынылған «Тамерлан» балабақшасы» ЖМ (жалға алушы) мен К.Х. Кожантаев (жалға беруші) арасында жасалған жалдау шартында соңғысының қолы жоқ.

Гимарат күрделі жөндеуді қажет етеді. Күзет жоқ, рұқсат беретін құжаттар мен бақылау журналдары жоқ, дабыл түймесі болмай шықты. Автоматты өрт дабылы (АӨД) талаптарға сәйкес келмейді.

Жатын бөлмелері мен ойын бөлмелерінің санитарлық жағдайы қанағаттанарлықсыз жағдайда: терезелердегі перделер жаңасына ауыстырылған, бірақ бәрі емес, гардиндер лас, өрмекшінің торы басқан, балалар кереуетінің үстінде салбырап тұрған төбесінің бір бөлігі 3 дана төбелік плиткалармен жапсырылған. Топтарда жарықтандыру құрылғылары нормаларға сәйкес келмейді (үшқалақты люстралар ілме элементтері бар бесқалақтыға ауыстырылған) тормен, шаңмен жабылған. Кереуеттер ескі, сынықтары бар, әрлеу жиегі жоқ. Ойыншықтар аз мөлшерде. Ас блогы қанағаттанарлықсыз күйде. Тоңазытқыш біреу, ол лас күйде, онда азық-түлікпен бірге санитарлық ережелерді бұза отырып (тәуліктік сынама-лар жеке тоңазытқышта болуы керек) тәуліктік сынама бар.

Медициналық кабинет - шкафтармен толтырылып қойылған, бірақ бояуы үлкен қабаттармен қабыршақтанған, СанПИН бойынша кабинет 1,80 см боялған немесе толық өңделетін материалмен тегістелген болуы керек. Раковина кішкентай, раковина тірегі бекітілмеген.

Балалардың серуендеуіне арналған ішкі аула жабдықталмаған, ауланың солтүстік жағында кірпіштен жасалған, тозығы жеткен құлап жатқан құрылым бар, желдің екпінімен кірпіштер қозғалып, сылағы ішке балалар ойнайтын жерде шашылып жатыр, бұл барлық қауіпсіздік ережелеріне қайшы келеді.

Өрт-техникалық минимум бойынша ұсынылған құжаттардың мерзімі өтіп кеткен.

«Мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «Санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 09072021 жылғы ДСМ-59 бұйрығын бұза отырып, аспаздың медициналық тексеруден өтуі туралы медициналық кітапша ұсынылмаған. Аталған бұйрықтың 8-тарауы 125-тармағына сәйкес объектілерде қызмет көрсететін персонал және ас блогы жұмыскерлері медициналық тексеріп-қараудан және гигиеналық оқытудан өтеді. Жеке медициналық кітапшасы және жұмысқа жіберілгені туралы белгісі жоқ адамдар жұмысқа қабылданбайды.

2. «Ясмин» балабақшасы» жекеменшік мекемесі

Балабақшада 4 бейнебақылау камерасы бар, ақпаратты сақтау мерзімі 30 күн. Қолданыстағы өрт сөндіргіштердің барлығы бірдей жұмыс істеп тұрған жоқ. Екінші қабаттағы балалар киімдеріне арналған шкафтар барлығы бірдей бекітілмеген, жиһаздың тұтастығы жоқ (жарықшақтар, ақаулар). Едендегі кілемнің жиегі бүктетіліп қалған, бұл балалардың құлауына әкеледі. Ойын бөлмесінің есігінен жатын бөлмеге кабельге оралмаған бұраулы сым бар арна немесе өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес келмейтін қосқыш қорап.

Асхана үстелдерінің жарықшақтары бар (үстел материалы сығылған ағаш үгінділер»). Тексеру үшін ұсынылған құжаттар тұрақты жүргізілмейді, өрт-техникалық минимумының мерзімі бір жылға өтіп кеткен.

Дәліздегі өрт дабылы үнемі жанып тұрады (өрт дабылы әлсіз нүкте болғандықтан, ол жыпылықтауы керек).

Мәжіліс залы деп аталатын бөлме – төбенің бұзып алынып тасталған бөліктерінен қоқыс төгіліп тұрады.

1. Аталған балабақша топтарында «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің №ҚРДСМ-16 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 04.04.2023 жылғы №58 бұйрығының 4-тарауы 49-тармағының 1) тармақшасы талаптарын бұза отырып,

- жарықтары, сынықтары, жиектері сынған, пішіні бұзылған, эмалі зақымдалған ыдыстарды пайдалануға жол берілмейді.

2. Ас блогында жоғарыда көрсетілген бұйрықтың 8-тарауы 104,105,106-тармақтарының бұза отырып, азық-түлік өнімдерінің тауарлық көршілестігі сақталмайды:

104. Тамақ өнімдері түрлері бойынша бөлек сақталады. Ерекше иісі бар тамақ өнімдері (мысалы, шикі ет, жаңа піскен нан және нан-тоқаш өнімдері, тамақ

қоспалары (дәмдеуіштер), хош иістендіргіштер, балық, балық өнімдері, ысталған, жартылай ысталған, пісірілген-ысталған ет өнімдері) бөгде иістерді қабылдайтын, сіңіретін тамақ өнімдерінен (мысалы, сары май, ірімшік, сүзбе, жұмыртқа, шай, кофе, какао, тұз, қант және кондитерлік өнімдер) бөлек сақталады және тасымалданады.

105. Қойма және өндірістік үй-жайлар ұйымдастырылған ұжымдарда тамақтануды ұйымдастыру кезінде тоңазыту жабдығынан және тамақ өнімдерін сақтауға арналған тоңазыту камераларынан басқа тамақтану объектісінің қуаты мен типіне байланысты тоңазытқыш жабдығымен жабдықталады.

106. Азық-түлік (тамақ) шикізатын, жартылай фабрикаттарды және дайын тамақ өнімдерін (жекелеген сөрелерде, стеллаждарда) бір тоңазытқыш жабдықта бірге сақтаған кезде өнімнің тауарлық көршілестігін, сақтаудың температуралық режимдерін және осындай өнімді дайындаушы белгілеген жарамдылық мерзімдерін сақтай отырып, жабық қаптамада (контейнерлерде, гастронмиялық ыдыстарда) болуы қамтамасыз етіледі. Бұл ретте дайын тамақ өнімдерін сақтау жоғарғы сөрелерде, салқындатылған етте, құс етінде, балықта, еттен, құс етінен, балықтан, көкөністерден жасалған жартылай фабрикаттарда - төменгі сөрелерде жүзеге асырылады.

III. Жоспарлы мониторинг барысында осы Қағидалардың нормаларын бұзудың анықталған фактілері келесі мектепке дейінгі ұйымдарда жойылды: Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы «Өркен» бөбекжайы» МКҚК; Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы Көкшетау қаласының «Болашақ» бөбекжайы» МКҚК; «Балапан» Білім беру ұйымы жекеменшік мекемесі»; «Айару А» ЖШС.

Анықталған бұзушылықтар белгіленген мерзімде «Тамерлан» балабақшасы» жекеменшік мекемесінде, «Ясмин» балабақшасы» жекеменшік мекемесінде **жойылған жоқ.**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, соңғы білімі бар кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру Қағидаларын бекіту туралы» **25-тармаққа сәйкес»** (Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 485 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) «Тамерлан» балабақшасы» жекеменшік мекемесі, «Ясмин» балабақшасы» жекеменшік мекемесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі ұйымдар Тізбесінен **алынып тасталсын.**

Төрайымы

А.Б.Нугертаева

Комиссия мүшелері:

Куркин Ю.Б.

Кожаметов Б.Р.

Омирзакова А.Ж.

Рыбинцева С.П.

Хатшы

Акаева Р.К.

Жоспарлы мониторинг жүргізу үшін мектепке дейінгі ұйымдарда жоспарлы мониторинг жүргізу актісі.

Жоспарлы мониторингтің мақсаты: осы Қағидалардың 19 - тармағымен белгіленген мектепке дейінгі ұйымдарда жоспарлы мониторинг жүргізу комиссиясының актісінде көрсетілген осы Қағидалардың негіздерін бұзудың анықталған фактілерін жою келесі мектепке дейінгі ұйымдарда: Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жағындағы «Өркен» бөбекжайы» МКҚК, Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жағындағы Көкшетау қаласының «Бозайы» бөбекжайы» МКҚК, «Балапан» Білім беру ұйымы жекеменшік мекемесі, «Тайгю» бөбекжайы» жекеменшік мекемесі, «Тамерлан» балабақшасы» жекеменшік мекемесі, «Ясмин» балабақшасы» жекеменшік мекемесі, «Айару» балабақшасы» жекеменшік мекемесі.

Қайта жоспарлы мониторингті жүзеге асыру мерзімдері: 31.05.2023 ж.

Жоспарлы мониторинг жүргізу кезеңі: 01.01 – 30.05.2023 ж.

Жоспарлы мониторингті келесі құрамда комиссия жүргізеді:

Нугертаева А.Б. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі ММ басшысы, комиссия төрайымы;

Акаева Р.К. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің әдіскері, комиссия хатшысы.